

«KMF Банк» АҚ
дивидендтер төлеу саясаты

Бизнес-иегер	Бухгалтерлік есеп департаменті
Бекітілді:	Акционерлердің Жалпы жиналысымен (2026 жылғы «26» мамырдағы № 3 хаттама)
Күшіне енді:	2026 жылғы «26» шілдеден бастап
Күші жойылған деп танылды:	
ІНҚ қол жеткізу деңгейі	Қызмет бабында пайдалану үшін

Алматы қ.,
2026 ж.

Мазмұны

1-тарау. Жалпы ережелер	3
2-тарау. Дивидендтерді төлеудің мақсаттары мен қағидаттары	4
3-тарау. Акционерлерге дивидендтер төлеудің негізгі шарттары.....	4
4-тарау. Дивиденд мөлшерін анықтау.....	5
5-тарау. Дивидендтер төлеу туралы шешімді қабылдау тәртібі.....	6
6-тарау. Дивидендтерді төлеу тәртібі.....	6
7-тарау. Акционерлер мен инвесторларды Дивидендтік саясат туралы хабардар ету.....	7
8-тарау. Қорытынды ережелер.....	7

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы «КМФ Банк» АҚ дивидендтер төлеу саясаты (бұдан әрі - Дивидендтік саясат) Қазақстан Республикасының заңнамасына, «КМФ Банк» АҚ Жарғысына, «КМФ Банк» АҚ Корпоративтік басқару кодексіне және «КМФ Банк» АҚ ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді.
2. Осы Дивидендтік саясатта мына терминдер мен анықтамалар қолданылады:
 - 1) акционер – акцияның меншік иесі болып табылатын тұлға;
 - 2) акция – Банк шығаратын және Банкті басқаруға қатысу, ол бойынша дивиденд және ол таратылған кезде Банк мүлкінің бір бөлігін алу құқығын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де құқықтарды куәландыратын бағалы қағаз;
 - 3) Банк – «КМФ Банк» АҚ;
 - 4) дивидендтер – Банк акционерлерінің иелігіндегі акциялардың саны мен түріне сәйкес акционерлер арасында бөлінетін Банк пайдасының бір бөлігі;
 - 5) бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесі – белгілі бір уақыт кезінде эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша құқық ұстаушыларды сәйкестендіруді, бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелерді тіркеуді қамтамасыз ететін эмитент, эмиссиялық бағалы қағаздар және оларды ұстаушылар туралы мәліметтердің жиынтығы, сондай-ақ осы бағалы қағаздар бойынша айналымға немесе құқықтарды жүзеге асыруға арналып тіркелген шектеулердің сипаты және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес өзге де мәліметтер;
 - 6) номиналды ұстауды есепке алу жүйесі – номиналды ұстау қызметін көрсететін бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушының бағалы қағаздарды ұстаушылар және оларға тиесілі бағалы қағаздар туралы мәліметтері бар, уақыттың белгілі бір кезінде бағалы қағаздарды сәйкестендіруді, олармен жасалатын мәмілелерді тіркеуді қамтамасыз ететін есепке алу жүйесі, сондай-ақ осы бағалы қағаздардың айналымына немесе олар бойынша құқықтарды жүзеге асыруға арналып тіркелген шектеулердің сипаты және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес өзге де мәліметтер;
 - 7) ХҚЕС – халықаралық қаржылық есептілік стандарттары;
 - 8) дивидендтерді төлеу күні – дивидендтерді төлеу жөніндегі міндеттеме орындалатын күн немесе дивидендтерді төлеу жөніндегі міндеттеме орындалуға тиіс уақыт кезеңі;
 - 9) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі.

2-тарау. Дивидендтерді төлеудің мақсаттары мен қағидаттары

3. Банктің Дивидендтік саясаты мынадай мақсаттарда қалыптастырылады:

- 1) акционерлер үшін дивидендтер мөлшерін анықтаудың және оларды төлеудің ашық, түсінікті және қолжетімді тетігін белгілеу;
- 2) акционерлерге дивидендтерді төлеу үшін шарттардың болуы және оларды төлеу тәртібі туралы нақты түсінік қалыптастыру үшін жеткілікті ақпарат беру.

4. Осы Дивидендтік саясат мынадай қағидаттарға негізделеді:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Банктің Жарғысында, Банктің ішкі нормативтік құжаттарында және корпоративтік басқарудың озық практикасында көзделген Банк акционерлерінің құқықтарын қатаң сақтау;
- 2) дивидендтердің мөлшерін анықтау кезінде Банк пен Банк акционерлерінің мүдделер теңгерімін сақтау;
- 3) Банктің инвестициялық тартымдылығын арттыру;
- 4) Банк акционерлерінің мүдделерін ескеру және олардың активтерінің құнын барынша арттыру;
- 5) реттеушілік талаптарды сақтау немесе құжатпен рәсімделген өсудің стратегиялық бастамаларын іске асыру үшін қатаң қажет болып табылмайтын Банктің бүкіл таза пайдасын акционерлерге бөлуді қамтамасыз ету арқылы дивиденд төлеу коэффициентін барынша арттыру;
- 6) дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банк Жарғысында белгіленген шектеулерді сақтау.

3-тарау. Акционерлерге дивидендтер төлеудің негізгі шарттары

5. Банк акциялары бойынша дивидендтер төлеу мынадай шарттар сақталған жағдайда жүзеге асырылады:

- 1) бөлуге жататын таза пайданың болуы;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген дивидендтер төлеуге қойылатын шектеулердің болмауы;
- 3) Банктің үшінші тұлғалармен, оның ішінде шетелдік қаржы ұйымдарымен жасалған шарттарда (ковенанттар) қамтылған дивидендтер төлеуге қойылатын шектеулердің болмауы;
- 4) Банктің халықаралық кредиттік рейтингтерін сақтау (қолдау);
- 5) тиісті кезең үшін Банктің қаржылық есептілігіне аудит жүргізу;
- 6) дефолтқа немесе төлем Банктің міндеттемелері бойынша дефолтқа әкеп соғуы мүмкін жағдайға жол бермеу;
- 7) Банктің капиталы мен өтімділігіне қойылатын реттеушілік талаптарды сақтау;
- 8) Банк пен оның кредиторлары арасындағы қолданыстағы келісімдерде белгіленген қаржылық ковенанттарды және өзге де шектеу шарттарын сақтау;
- 9) Банктің стратегиялық даму және тұрақты өсу (күрделі шығындарды қоса алғанда) жөніндегі бекітілген жоспарларын қамтамасыз ету үшін

оның қаржыландыруға (ақша ресурстарына) деген қажеттілігін қамтамасыз ету;

6. Мына жағдайларда дивиденд төлеуге жол берілмейді:

- 1) меншікті капитал көлемі теріс болғанда немесе Банктің меншікті капитал көлемі оның акциялары бойынша дивидендтер төлеуі нәтижесінде теріс мәнге ие болған жағдайда;
- 2) егер Банк Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздігі белгілеріне сай келсе не аталған белгілер Банкте оның акцияларын сатып алу нәтижесінде пайда болса;
- 3) уәкілетті органның шешімі негізінде және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда.

4-тарау. Дивиденд мөлшерін анықтау

7. Дивидендтер ХҚЕС сәйкес құрастырылған және сыртқы аудитор растаған қаржылық есептілік негізінде анықталатын салық салынғаннан кейінгі таза табыстан (қорытынды пайдадан) төленеді.

8. Банк Басқармасы дивидендтердің ұсынылатын мөлшері мен төлеу кезеңдерін есептейді, ұсыныстар Банктің Директорлар кеңесі қарастыратын және Банк акционерлерінің Жалпы жиналысы бекітетін Банктің 3 жылға арналған бизнес жоспарына енгізіледі. Дегенмен дивидендтердің нақты мөлшері жыл сайын нақты нәтижелер мен қолданыстағы шектеулердің негізінде есептеледі.

9. Жылдық қаржылық есептілікті бекіту үшін шақырылатын Акционерлердің жалпы жиналысын (АЖЖЖ) өткізгенге дейін күнтізбелік 30 күннен кешіктірмей Басқарма Банктің Директорлар кеңесі мен акционерлері үшін Капитал буфері туралы есеп дайындайды. Осы есепте банктік реттеу және өзге де реттеуші талаптар талап ететін міндетті резервтер мен капитал буферлерін, сонымен қатар сәйкесінше жылға бекітілген бюджетке, кредиттік шарттар бойынша қолданыстағы ковенанттарға, Банктің Директорлар кеңесі бекіткен тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі саясаттарға сәйкес өсу үшін қажетті капиталды шегергенде, жиынтық таза пайда ретінде есептелетін Максималды бөлінетін дивидендтің мөлшері айқындалады. Көрсетілген міндетті талаптар деңгейінен асатын барлық қаражат бөлу үшін қолжетімді болып есептеледі.

Сонымен қатар ұсыныста қаржылық кезеңде алынған қаржылық нәтижелер негізінде бір жай акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері туралы ақпарат, сонымен қатар осы Саясаттың 5-тармағында тізбектелген дивидендтерді төлеудің негізгі шарттарын сақтау бойынша ақпарат қамтылады. Банк Басқармасы ұсынатын бір жай акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен есептеледі және бүтін санға дейін дөңгелектенеді.

Осы Саясаттың 3-тарауы мен 4-тарауында белгіленген барлық талаптар сақталған жағдайда, дивидендтердің деңгейін тиісті қаржы кезеңі үшін Банктің таза пайдасы негізінде Директорлар кеңесі жыл сайын анықтайды.

Осы Саясаттың 3-тарауы мен 4-тарауында баяндалған барлық талаптар сақталған жағдайда, ұсынылатын дивиденд мөлшері тиісті қаржы кезеңі үшін

Банктің таза пайдасының 25%-нан кем болмауы қажет. Банк алдағы уақытта дивиденд төлеудің осы минималды коэффициентін ұлғайтуға тырысады.

10. Банктің Директорлар кеңесі Банк Басқармасының дивидендтер төлеу және олардың мөлшері туралы ұсынысын мақұлдағаннан кейін осы мәселе Банк акционерлерінің Жалпы жиналысының қарауына шығарылады.

5-тарау. Дивидендтер төлеу туралы шешімді қабылдау тәртібі

11. Банктің өткен қаржы жылындағы таза пайдасын бөлу тәртібі, Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу және Банктің бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін анықтау туралы шешімді Банк Жарғысына сәйкес Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы қабылдайды.
12. Жыл қорытындысы бойынша қаржылық нәтижелерді ескере отырып, Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеудің орынсыздығы туралы шешім қабылдай алады.
13. Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы уәкілетті органның ресми түрде рәсімделген сұрауы негізінде дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

6-тарау. Дивидендтерді төлеу тәртібі

14. Банктің Директорлар кеңесі Банк акциялары бойынша дивидендтер төлеудің басталу күнін ұсынады, ал Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы оны бекітеді.
15. Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімде мынадай мәліметтер қамтылуы керек:
- 1) Банктің атауы, орналасқан жері, банктік және өзге де деректемелері;
 - 2) дивидендтер төленетін кезең;
 - 3) бір жай акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері;
 - 4) дивидендтерді төлеудің басталу күні;
 - 5) дивидендтерді төлеу тәртібі мен нысаны;
 - 6) төлем агентінің атауы (төлем агенті болған жағдайда).
16. Банк дивиденд төлеу туралы шешімді қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында жариялайды.
17. Банк орналастырылмаған немесе Банктің өзі сатып алған акциялар бойынша, сонымен қатар сот немесе Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы оны тарату туралы шешім қабылдаған жағдайда, дивидендтер есептемейді және төлемейді.
18. Дивидендтерді алуға құқығы бар Банк акционерлерінің тізімі дивидендтерді төлеудің басталу күні алдындағы күні құрастырылуы қажет.
19. Төленетін дивидендтерге салық салу Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.
20. Дивидендтерді төлеу кезінде қосарланған салық салуды болдырмау туралы халықаралық конвенциялардың нормаларын қолдану мақсатында Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтын кез келген акционер жыл сайын Банкке тиісті елдегі резиденттігін растайтын құжатты ұсынуға міндетті. Бұл ретте мұндай құжаттағы акционердің резиденттігін куәландырған органның қолы мен мөрі, сондай-ақ резиденттікті растайтын құжаттың

нотариаттық куәландырылған көшірмесі ұсынылған жағдайда шетел мемлекеті нотариусының қолы мен мөрі дипломатиялық немесе консулдық заңдастыруға жатады не оларға апостиль қойылуға тиіс (егер қолданылса)

21. Дивидендтер Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес акционер төлеуге тиіс табыс салығы (корпоративтік/жеке) ұсталғаннан кейін ақшалай нысанда (заттай нысанда емес) төленеді. Табыс салығы төлем көзінен ұсталады.
22. Дивидендтер Банк акционерлерінің жалпы жиналысы Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі күннен бастап күнтізбелік алпыс күннен кешіктірілмей төленеді. Банк талап етілетін сыртқы келісімдерді (бар болған жағдайда) Акционерлердің жалпы жиналысы дивидендтерді бекіткеннен кейін ең қысқа мерзімде алатын болады.
23. Дивидендтер акционер көрсеткен деректемелер немесе Банктің акция ұстаушылар тізілімдерінің жүйесіндегі немесе номиналды ұстауды есепке алу жүйесіндегі деректемелер бойынша төленеді. Банкте немесе бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде, немесе номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде акционердің өзекті деректемелері туралы мәліметтер болмаған жағдайда, Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ есепке алу жүйесінде ашылған талап етілмеген ақшаны есепке алуға арналған шотқа аудару арқылы төленеді.
24. Резидент емес акционерлерге дивидендтер олар көрсеткен деректемелер бойынша АҚШ долларымен немесе еуромен төленеді. Бұл ретте конвертациялау жүргізілген сәтте қолданыста болатын бағам бойынша Банктің АҚШ долларын немесе еуроны теңгеге сатуының коммерциялық бағамы қолданылады және бұл операция туралы Банктің қазынашылық бөлімшесі алдын ала міндетті түрде хабардар етілуге тиіс.

7-тарау. Акционерлер мен инвесторларды Дивидендтік саясат туралы хабардар ету

25. Банк Дивидендтік саясатты заңнамада және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде интернет-ресурста орналастырады: www.kmf.kz.

8-тарау. Қорытынды ережелер

26. Сипатталған процеске қатысатын Банктің барлық құрылымдық бөлімшелері осы Дивидендтік саясатты орындауға міндетті.
27. Жоғарыда баяндалған процеске қатысатын Банк қызметкерлері Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес Дивидендтік саясат талаптарының сақталуына жауапты болады.
28. Осы Дивидендтік саясаттың талаптарын тиісінше орындамағаны және бұзғаны үшін жауапкершілік осы Дивидендтік саясатпен реттелетін процеске қатысатын құрылымдық бөлімшелердің басшыларына жүктеледі.

29. Дивидендтік саясат Банк қызметіндегі өзгерістерді, Қазақстан Республикасының заңнамасындағы өзгерістерді ескере отырып қайта қаралуы мүмкін. Осы Дивидендтік саясатқа өзгерістер және/немесе толықтырулар Банк акционерлерінің жалпы жиналысымен енгізілуі мүмкін.
30. Осы Дивидендтік саясатта реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының және Банктің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес шешіледі.